



Автор: Талдыкбаева Айгуль Сериковна

Пән: Сауат ашу

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Өзім туралы

Тақырып: Оқу құралдарымен таныс болайық! Сөз.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау 1.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу.
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Жаңа білімді меңгереді. Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы талқылайды. Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	Оқу құралы-учебное пособие-tutorial
Күтілетін нәтиже:	
Бағалау критерийлері:	Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады. Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Аудиожазба, таныстырылым.
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Ертеңгілік шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	
Сабақтың ортасы (17 мин)	№1 Өлеңді мұқият тыңда. □ Өлең не туралы? □ Сауатыңды ашатын қай кітап? №2 Берілген заттардың алғашқы әріптерінен құралған сөз сұрақтың жауабы болады. Қатты нөсер басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды (жарты доға жасайды) Ережені есіңде сақта! Айналамыздағылардың бәрінің атауы бар. Оны бір-бірімізге сөз арқылы жеткіземіз. Жазуға үйренгенше өздің сызбасын пайдаланамыз.	Сергіту сәтіне арналған жинақ Түрлі тапсырмалар
Сабақтың соңы (16 минут)	№3 Суретте көрсетілген заттарды ата. «Автор орындығы» №4 Сөмкеге оқушыға қажетті оқу құралдарын ғана сал.	Оқулық, дәптерлер, сөмке.
Рефлексия (2 мин)	Рефлексия Оқушылар «Еркін микрофон» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты ауызша айтты. Кері байланыста оқушылар өз топтарының жұмысымен бірге басқа топтың да жұмыстарын бағалады және ұсыныстарын берді. Бұл сабақта оқушылар шығармашылықпен жұмыста топтық жұмыстың пайдасын түсінді деп ойлаймын.	Микрофон